

"Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы" ММ
ШЖҚ "Талдықорған қалалық емханасы" МКК ақпараттандыру
ХАТТАМАСЫ

Күні: 12.09.2025 жыл

уақыты: 11⁰⁰

Отырысқа емхана ұжымы қатысты. Ақпараттандыру ординаторлық бөлмеде баяндама және әңгіме түрінде жүргізілді.

Күн тәртібі:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі заң нормаларымен таныстыру және ақпараттандыру».

Негіздеме: жоспарлы.

Баяндама жасаған:

Комплаенс-офицер Е.Б. Нургазиев

Баяндамадан үзінді:

Қазіргі нарықтық жағдайлар сыбайлас жемқорлықтың күрделенуіне және барлық салаға тамыр жаюына себеп болды. Әсіресе, әкімшілік, рұқсат беру және бөлу тетіктерін иеленетін мемлекеттік құрылымдар сыбайлас жемқорлық қаупіне көбірек ұшырайды. Осыған байланысты мемлекет саясатының негізгі бағыттарының бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Макроэкономикалық және саяси-экономикалық зерттеулерге сәйкес, сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің тұрақты дамуына басты кедергілердің бірі. Мемлекет өз функциясы аясында тиісті құқықтық шараларды қабылдап отыр. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қолданыста.

Аталған заңда сыбайлас жемқорлық былайша анықталады:

«...Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды тұлғалардың өз қызметтік өкілеттіктері мен соларға байланысты мүмкіндіктерін жеке немесе делдалдар арқылы материалдық (материалдық емес) пайда мен артықшылықтар алу мақсатында заңсыз пайдалануы, сондай-ақ оларға сыйақы беру арқылы артықшылықтар ұсыну».

Заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың келесі қағидаттары айқындалған:

- заңдылық;
- адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың басымдығы;
- ашықтық пен жариялылық;
- мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың жүйелі және кешенді қолданылуы;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шаралардың басымдығы;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда көмектесетін адамдарды көтермелеу;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жазаның бұлтартпастығы.

Мақсаты: қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою.

Міндеттері:

- қоғамда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастыру;



- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың себептері мен шарттарын анықтау және жою;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы субъектілердің өзара іс-қимылын нығайту;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, әшкерелеу және тергеу.

Осы міндеттерді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығымен

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдаманың мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру, қоғамның барлық саласын осы қозғалысқа тарту, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «нөлдік» төзбеушілік ахуалын қалыптастыру және елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету.

Осы қағидаттар мен мақсаттарды іске асыру үшін мемлекет уәкілетті орган құрды. Бұл орган – Президентке тікелей бағынады, мемлекеттің және қоғамның күш-жігерін біріктіреді, елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру және іске асырумен айналысады, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеуді жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 қазандағы № 365-VI ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде комплаенс-қызмет енгізілді.

Комплаенс-офицер

Е. Нургазиев